

Халықтың инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулары мен улану жағдайларын тексеру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 440 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 шілдеде № 11748 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.05.2018 № 224 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.05.2018 № 224 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 151-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Халықтың инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулары мен улану жағдайларын тексеру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. "Халықтың инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулары мен улану жағдайларын тексеру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 12 қарашадағы № 705 бұйрығы күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5907 болып тіркелген және Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа орталық мемлекеттік органдары актілерінің Жинағында 2010 жылғы № 2 жарияланған).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшелік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е.Досаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрі

_____. Дүйсенова

2015 жылғы 24 маусым

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 23 маусымдағы
№ 440 бұйрығымен
бекітілген

Халықтың инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулары мен улану жағдайларын тексеру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы халықтың инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулары мен улану жағдайларын тексеру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) халықтың инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулары мен улану жағдайларын санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандарымен тексеру тәртібін айқындайды.

2. Халықтың инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулары мен улану жағдайлары адамның иммун тапшылығының вирусы қоздыратын ауру жағдайын қоспағанда, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі мамандарының тексерілуіне жатады, тексеруді Жасанды иммунтапшылығы синдромын алдын-алу және оған қарсы күрес саласында қызмет атқаратын денсаулық сақтау ұйымдарының мамандары жүргізеді.

2. Халықтың инфекциялық және паразиттік аурулары жағдайларын тексеру тәртібі

3. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің мамандары шұғыл хабарлама түскен күннен бастап күнтізбелік 7 күн ішінде халықтың

инфекциялық және паразиттік аурулары жағдайларын эпидемиологиялық тексеруді жүргізеді.

4. Өлімге әкелген жағдайлар тіркелген кезде, сондай-ақ инфекциялық және (немесе) паразиттік аурулардың өзара байланысқан және бір инкубациялық кезеңде 3 және содан да көп жағдайлары тіркелгенде соңғы шұғыл хабарламаны берген күннен бастап 24 сағатта эпидемиологиялық тергеу жүргізіледі.

5. Сирек кездесетін, Қазақстан Республикасының аумағында жойылған немесе қайтадан пайда болатын халықтың инфекциялық және паразиттік аурулары тіркелген кезде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесімен штаб құрылады, оның құрамына халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің, санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығының мамандары, қажет болған жағдайда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның республикалық органдары мен ұйымдарының, ғылыми-зерттеу институттарының өкілдері қосылады.

Штабтың жанында мынадай:

1) құрамына эпидемиолог/паразитолог мамандар кіретін эпидемиологиялық тексеру және талдау;

2) құрамына бактериолог/вирусолог дәрігерлер, зертханашы-дәрігерлер кіретін зертханалық диагностикалау;

3) құрамына денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігерлері (инфекционистер, терапевтер, педиатрлар, невропатологтар, отбасылық дәрігерлер және басқа да мамандар) кіретін науқастарды анықтау және емдеу;

4) құрамына гигиена бейіні бойынша санитариялық дәрігерлер кіретін санитариялық-гигиеналық қадағалау;

5) құрамына дезинфекционист дәрігері, дезнұсқаушы, дезинфекторлар кіретін дезинфекциялау топтары ұйымдастырылады.

6. Эпидемиологиялық тексеру барысында дәрігер эпидемиолог (паразиолог) халықтың инфекциялық және паразиттік аурулары жағдайларының клиникалық сипаттамасын талдайды, ол үшін медициналық мекемеде медициналық құжаттамамен танысады, осы мекеме дәрігерлерімен әңгімелеседі, науқастардан және науқастармен байланыста болған тұлғалардан сұрайды, бар зертханалық деректерді талдайды және санитариялық-эпидемиологиялық сараптама өткізу үшін ошақтан сынамалар алады. Инфекция көзін іздеп табу мақсатында жанасқан тұлғалардың зертханалық тексеруін ұйымдастырады (бактериологиялық, вирусологиялық, серологиялық және басқалар). Ең маңызды симптомдар мен белгілер Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық

денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 7-1-бабының 2) тармақшасына (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес бекітілетін, ошақтың эпидемиологиялық тексеру картасына толық жазылады (сипаттамасы және 24 сағат ішінде ең көп болған нәжісі, температурасының қисығы және басқа).

Зертхананың қызметкерлерімен бірге зертханалық диагностиканың дұрыстығын мынадай критерий:

1) зертхананың техникалық жабдықталғандығы, өлшеуші құралдарын тексеру уақтылығы;

2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен бекітілген және (немесе) мемлекеттік өлшеулер жүйесі тізбесіне енгізілген зертханалық зерттеу жүргізу әдістемелерін сақтау;

3) қолданылатын орталардың, агглютинация сарысуларының, диагностикумдардың, сынақ-жүйелерінің сапасы (жарамдылық мерзімі, сақтау талаптарын бұзбау, өсу сапасы);

4) зертханаішілік бақылау жүргізудің толықтығы мен сапасы;

5) зертханада жұмыс істейтін персоналдың кәсіптік деңгейі бойынша бағалау керек.

Диагноздың этиологиялық ашу үшін науқастардың материалын қолданыстағы әдістемелік құжаттарға сәйкес зерттеу керек. Қажет болған жағдайда зерттеулер облыстық Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығының зертханаларында жүргізіледі, бөлінген патогенді өсірінділер сәйкестендіру үшін тиісті референс-зертханаға жіберіледі.

Соңғы диагноз науқастарды тексерген кезде алынған клиникалық және зертханалық деректер, эпидемиологиялық сыртарты мен науқастарды сұрату деректері негізінде қойылады.

7. Науқастардан және науқаспен байланыста болғандардан сұрақ алу кезінде эпидемиолог (паразитолог) маман мыналарды:

1) инкубация кезеңі ішінде ұқсас ауру белгілері бар байланыста болған адамдардың тобын;

2) тегін, аты-жөнін, туған күнін, мекенжайын, байланыс телефондарын, жұмыс/оқу орнын;

3) ауру басталған күнін (қысқа инкубациялық кезенді аурулар үшін – ауру басталған анық күні), ауруханаға жатқан күні мен орнын, аурудың негізгі белгілерін;

4) инфекцияның болуы мүмкін көздері, факторлары және берілу жолдары туралы мәліметтерді;

5) ұйымдасқан ұжымға соңғы рет барған, елді мекеннен, облыстан, елден тысқары шыққан күнін;

6) алынған профилактикалық егу туралы мәліметтерді анықтайды.

Инфекциялық және/немесе паразиттік ауруларды сырттан әкелу жағдайы тіркелген кезде мыналарды:

- 1) науқастың соңғы 3 жыл ішінде эндемиялық елдерге бару мерзімін;
- 2) науқастың эпидемиологиялық маусымында сырқаттану кезінен диагноз қойғанға дейінгі уақытта Қазақстан Республикасының және облыстың, ауданның аумағынан орын ауыстыруын;
- 3) соңғы 3 жыл ішінде белгісіз генездің қызбалық ауруларының болуын және соңғы 3 күн ішінде қызбаның болуын нақтылау керек;
- 4) соңғы 3 ай ішінде қанның құйылғаны не құйылмағаны;
- 5) зооноздық және карантиндік аурулар жағдайлары тіркелген елді мекенге арасында паразит тасымалдаушы немесе қоздырушылардың көзі болуы мүмкін тұрғындардың көптеген топтарының (маусымдық жұмысшылар, қоныс аударушылар) келген-келмегені анықтайды.

8. Карантиндік инфекциялар, аса қауіпті аурулар, сондай-ақ топталған ауруларды тіркеген жағдайда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі үй басын аралауды ұйымдастырады.

Науқас инкубация кезеңі/ауру ағымында ұйымдасқан ұжымға немесе эпидемиологиялық маңызды объектіге (мұнда инфекцияның одан әрі таралуы мүмкін) барған жағдайда шұғыл хабарлама берілген кезден бастап халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі күнтізбелік 7 күн мерзімде сол объектіні тексеруді және аурудың ары қарай таралуының алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастырып, жүргізеді.

Бұл объектіні тексеру нәтижелері бойынша тексеріс аяқталған күні Кодекстің 7-1-бабының 2) тармақшасына сәйкес бекітетін нысан бойынша санитариялық-эпидемиологиялық тексеру акті рәсімделеді.

Эпидемиологиялық тексеру нәтижелері Кодекстің 7-1-бабының 2) тармақшасына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган бекіткен инфекциялық ауру ошағының эпидемиологиялық тексеру Картасына (бұдан әрі – ИАОЭТ Картасы) жазылады.

9. Эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша инфекция көзін анықтау мақсатында байланыста болған адамдарға және инфекцияның таралуына қатысы болуы мүмкін адамдарға зертханалық тексеру жүргізіледі.

10. Декреттелген контингент арасында инфекция көзіне күдік туғызған кезде соңғылары зертханалық зерттеулердің нәтижелерін алғанға дейін және тұрғындарға қауіп туғызбас үшін объектің басшысы бұйрығымен немесе

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің қаулылары бойынша жұмыстан шеттетіледі.

11. Егер инфекция көзі ретінде күдік туғызған өнім немесе шикізат улану себебі болса, басқа аймақта әзірленген және/немесе әкелінген болса, онда орнында санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру үшін денсаулық сақтау ұйымы дереу халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне ауру туралы хабарлау керек.

3. Халықтың кәсіптік аурулары мен улану жағдайларын тексеру тәртібі

12. Тез өрбіген кәсіптік аурулар (уыттану) диагнозын азаматтарға амбулаториялық-емханалық және стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдармен (бұдан әрі – Медициналық ұйым), ал созылмалы кәсіптік ауру (уыттану) диагнозын – кәсіптік патология және сараптама саласында мамандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымы анықтайды.

13. Қызметкердің өз еңбек (қызмет) міндеттерін орындауына байланысты оған зиянды өндірістік факторлардың әсер етуінен туындаған жіті және созылмалы кәсіптік аурулар (уыттанулар) тексерілуге және есепке алынуға жатады.

14. Жіті кәсіптік аурудың (уыттанудың) әрбір жағдайында Кодекстің 7-1-бабының 2) тармақшасына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган бекітетін Медициналық ұйыммен "Инфекциялық ауру, тамақтан, кенеттен кәсіби улану, екпеге әдеттегіден бөлек реакция болғаны туралы шұғыл хабарлама" медициналық құжаттама толтырылады (бұдан әрі - шұғыл хабарлама).

15. Жұмыскердің жіті (тәулік ішінде) кәсіптік аурудың (уыттанудың) бастапқы диагнозын анықтау туралы шұғыл хабарлама халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне жіберіледі, бұл туралы жұмыс берушіге (сақтандырушыға) хабарлайды, ол өз кезегінде, сақтанушының кәсіптік ауруына байланысты сақтандыру жағдайына күдік келтіру туралы хабарлауға міндетті.

16. Медициналық ұйым диагнозды анықтаған немесе өзгерткен кезде, жаңадан шұғыл хабарлама жасайды және 24 сағаттың ішінде ұйымның басшысына (жұмыс берушіге) және науқастың жұмыс орны бойынша халықтың

санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне жібереді, бұл ретте өзгертілген (нақтыланған) диагноз, оны анықтау күні, бастапқы диагнозы көрсетіледі.

17. Жұмыскерде пайда болған ауру (уыттану) кәсіптік сипатын анықтайтын құжат, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5614 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 3 наурыздағы № 74-ө "Өндірістегі жазатайым оқиғаларға байланысты құжаттардың нысандарын бекіту туралы" бұйрығының нысаны бойынша тексеру қорытындылары бойынша жұмыс беруші жасаған өндірістегі жазатайым оқиға туралы акт (бұдан әрі – Акт) болып табылады.

18. Тексеру кезінде комиссия кәсіптік ауру (уыттану) жағдайының пайда болу себептері мен жағдайларын анықтайды, тексеру нәтижелері бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің мамандары жұмыскердің еңбек жағдайының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасын жасайды.

19. Жұмыскердің денсаулық жағдайының клиникалық деректері, Актінің және жұмыскердің еңбек жағдайының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасы негізінде денсаулық сақтау ұйымы қорытынды диагнозды – жіті кәсіптік ауруды (уыттануды) анықтайды, медициналық қорытынды жасайды, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне, жұмыс берушіге жіті кәсіптік аурудың (уланудың) қорытынды диагнозын қою туралы хабарламаны жібереді, сондай-ақ диагноздың нақтыланғандығы немесе жойылғандығы туралы, кәсіптік ауруды қоздыратын зиянды өндірістік факторлар мен себептерінің атаулары туралы деректерді жібереді.

20. Жіті кәсіптік аурудың (уыттанудың) қорытынды диагнозы растауды талап етпейді және Қазақстан Республикасының халқына кәсіптік патология бойынша медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымымен қаралу негіздемесі болып табылмайды. Бұл инфекциялық кәсіптік патологияға да қатысты – инфекциялық аурудың алғаш диагностикалануы, әдеттегідей, аурудың жіті сипаты туралы айғақтайды.

21. Медициналық ұйыммен жіті кәсіптік аурудың (уыттанудың) салдарынан еңбекке жарамдылығын жоғалтудың тұрақты белгілерін анықтаған кезде еңбекке уақытша жарамсыздық ашық парағы бар жұмыскерді (сақтандырылған) уақытша еңбекке жарамсыздықты сараптау үшін Қазақстан Республикасының халқына кәсіптік патология бойынша медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымына жібереді.

22. Қазақстан Республикасының халқына кәсіптік патология бойынша медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы жұмыскердің

денсаулық жағдайының клиникалық деректері және ұсынылған құжаттар негізінде созылмалы кәсіптік ауру, уыттану (оның ішінде зиянды заттармен немесе өндірістік факторлармен жанасуда жұмысты тоқтатқаннан кейін ұзақ мерзім өткен соң пайда болған) деген қорытынды диагноз қояды, медициналық қорытынды жасайды және 3 жұмыс күн ішінде тиісті хабарламаны халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне, жұмыс берушіге және Медициналық ұйымға жібереді.

23. Қазақстан Республикасының халқына кәсіптік патология бойынша медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымына жолдама еңбекке уақытша жарамсыздық парағына белгі қоя отырып созылмалы кәсіптік аурудың (уыттанудың) алдын ала диагнозын қойған еңбекке уақытша жарамсыздықты тудырған Медициналық ұйымның дәрігерлік-кеңестік комиссиясының қорытындысымен рәсімделеді.

24. Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын жабуды немесе медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдаманы рәсімдеуді созылмалы аурудың алдын ала диагнозын қойған Медициналық ұйым жасайды.

25. Кәсіптік аурудың диагнозын (оның орындалатын жұмыспен немесе мамандықпен байланысы) анықтау кезінде қолданылатын негізгі құжат Кәсіптік аурулардың және уланулардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымша сәйкес болып табылады.

26. Қазақстан Республикасының халқына кәсіптік патология бойынша медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымымен құрылатын дары созылмалы кәсіптік ауру (уыттану) мен жіті кәсіптік уланудың салдары кәсіптік патология бойынша салалық сараптамалық комиссияларда (бұдан әрі – КПССК) анықталады.

27. КПССК комиссия мүшелерінің жалпы саны 3 адамнан кем болмауы тиіс, оның төрағасы болып ғылыми дәрежесі, ауру бейіні бойынша маман болып саналатын, біліктілік категориясы бар кәсіптік патология-дәрігер тағайындалады. Комиссия мүшелері – маман сертификаттары бар кәсіптік патология-дәрігерлер мен ауру бейіні бойынша дәрігерлер. Қажет болғанда ауру бейіні бойынша дәрігерлер қатыстырылады (комиссия мүшелері болып табылмайтын).

28. КПССК аурудың (уыттанудың) жұмыскермен еңбектік (қызметтік) міндеттерін атқаруына байланысы алғашқы сараптамасын және функционалдық бұзушылықтардың дәрежесін анықтау үшін өткізеді.

29. КПССК созылмалы кәсіптік ауру (уыттану) диагнозын алғашқы анықтау материалдарын мынадай құжаттар:

- 1) Медициналық ұйымның жолдамасы;
- 2) дәрігерлік-кеңестік комиссиясының қорытындысы;

3) алдын ала және мерзімді медициналық тексеріліп-қаралу деректері бар, зертханалық және функционалдық зерттеу нәтижелері бар медициналық (амбулаторлық, стационарлық) картасының үзінділері;

4) амбулаторлық науқастың тұрғылықты жерінен алынған медициналық картасының түпнұсқасы;

5) еңбек жағдайының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасы;

6) жұмыскердің еңбектегі қызметін растайтын құжаты болған кезде қарайды.

30. КПССК аурудың (уыттанудың) жұмыскермен еңбектік (қызметтік) міндеттерін атқаруына байланысы алғашқы сараптамасы бойынша мынадай:

1) кәсіптік факторлардың әсерімен байланысты ауру;

2) кәсіптік факторлардың әсеріне байланысты емес ауру;

3) қосымша мәліметтерді (көрсетіледі) ұсынған кезде, істі қайтадан қарауды талап етіледі;

4) қайта медициналық тексеріп-қарауды мерзімнен кейіннен (көрсетіледі), істі қайтадан қарауды талап етіледі;

31. Материалдарды қайта қарау түрін (өзінің қатысуымен, сырттай) КПССК анықтайды.

32. Созылмалы кәсіптік ауруын (уыттануын) алғашқы анықтау кезінде осы Қағидаларға 2-қосымшадағы нысанға сәйкес созылмалы кәсіптік ауру (улану) туралы хабарлама рәсімделеді.

33. Созылмалы кәсіптік ауру (улану) туралы хабарлама күнтізбелік 3 күн ішінде зиянды өндірістік факторларымен байланысты ауруның соңғы жұмыс орны мекенжайы бойынша жұмыс берушіге, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне және Медициналық ұйымына жолданады.

34. КПССК қорытындысы осы Қағидаларға 3-қосымшадағы нысанға сәйкес хаттама түрінде рәсімделеді. Хаттама науқастың қолына немесе оның өкіліне сенімхат бойынша беріледі.

35. Созылмалы кәсіптік ауруды (уыттануды) қайталама сараптама кезінде мынадай:

1) созылмалы кәсіптік ауру (уыттану) ағымының нашарлауы (өрлеу);

2) созылмалы кәсіптік ауру (уыттану) тұрақты немесе кері шегінген;

3) дәрежесі мен көрінісін көрсете отырып кәсіптік аурудың (уыттанудың) сақталған салдары;

4) созылмалы кәсіптік ауруды (улануды) алып тастау туралы шешімдер қабылданады.

36. Созылмалы кәсіптік ауру (уыттану) анықталғаннан кейін науқастың мәліметтері осы Қағидаларға 4-қосымшадағы нысанға сәйкес кәсіби ауруы, улануы алғашқы рет анықталған адамдарды есепке алу журналына енгізіледі.

37. Аурудың (уыттанудың) жұмыскермен еңбектік (қызметтік) міндеттерін атқаруымен байланысын анықтауда күрделі жағдайда және КПССК қорытындысымен жұмыскер, жұмыс беруші, сақтандыру компаниясы келіспегенде, аурудың (уыттанудың) жұмыскермен еңбектік (қызметтік) міндеттерін атқаруымен байланысын анықтау мәселесін шешу үшін, науқастың медициналық құжаттары 10 жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы уәкілетті органмен құрылған кәсіптік патология бойынша Республикалық сараптамалық шиеленіс комиссиясының (бұдан әрі – КПРСШК) қарауына жолданады.

38. КПРСШК келіп түсуі бойынша құжаттарды қарайды, ауру бейіні бойынша дәрігерлерді отырысқа шақырады, ұйымдардан кәсіптік ауру (уыттану) диагнозын қоюға қажетті құжаттарды сұрайды.

39. КПРСШК мынадай:

- 1) жолдаманы (жіберілген хат, арыз және басқа да өтініштер);
- 2) КПССК хатамасын;
- 3) науқастың медициналық құжаттарын;
- 4) еңбек жағдайының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасын;
- 5) жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжатын;
- 6) сұраныс бойынша алынған қосымша құжаттарды қарайды.

40. Сұранған құжаттарды алғаннан кейін КПРСШК қайтадан отырысы өткізіліп, жеке қатысуымен немесе сырттай түрде мынадай шешім шығарады:

- 1) кәсіптік факторлардың әсер етуіне байланысты ауру;
- 2) кәсіптік факторлардың әсер етуіне байланыссыз ауру;
- 3) кәсіптік ауруды (уыттануды) алып тастау.

41. КПССК қорытындысы хаттама түрінде рәсімделіп, онда клиникалық диагнозы, асқынулары, функционалдық бұзушылықтары, оңалту бойынша еңбектік және медициналық ұсыныстары көрсетіледі. Хаттама науқастың қолына немесе оның өкіліне сенімхат бойынша беріледі.

42. КПРСШК алғашқы созылмалы кәсіптік ауруды (уыттануды) анықтаған жағдайларда созылмалы кәсіптік ауру (улану) туралы хабарлама осы Қағидаларға 2-қосымшадағы нысан бойынша рәсімделеді.

43. Кәсіптік ауру (уыттану) диагнозын қойғанда аурудың клиникалық нысанының ерекшеліктері, әсер ететін этиологиялық фактордың және атқаратын жұмыстың сипаты, өндірістік орта мен еңбек үдерісінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы, зиянды және қауіпті еңбек жағдайындағы жұмыс өтілі ескерілуі тиіс. Егер өндірістік ортаға тексеріс

жүргізілмесе, ол кәсіптік ауру (уыттану) деп диагноз қоюға кедергі бола алмайды, өйткені бұл ретте ғылыми әдебиеттің (олар болғанда және өзекті болғанда), модельдеудің, сондай-ақ осыған ұқсас өндірістік жағдайларға ұқсату деректері ескеріледі.

44. Егер аурудың себептерінде көп факторлық орын алған жағдайда және олардың ішінде кәсіптік факторлар орын алса, онда мұндай ауру кәсіптік деп есептелінеді.

Зиянды, қауіпті заттар мен өндірістік факторлармен байланысты жұмысты тоқтатқаннан кейін, ұзақ мерзімнен соң кейбір кәсіптік аурулар: силикоз, бериллиоз, несеп қуығының папилломасы, қауіпті ісіктер пайда болуы мүмкін.

Аллергиялық, инфекциялық сипаттағы созылмалы кәсіптік ауруды (уыттануды) қойған кезде әсер ететін агентпен қатынасы, клиникалық түрлерінің ерекшеліктеріне мағына береді. Жұмыс өтілі ескерілмейді.

45. Қазақстан Республикасының халқына кәсіптік патология бойынша медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы диагнозды өзгерту немесе алып тастау туралы хабарламаны тиісті шешім қабылданған күннен кейін 7 жұмыс күні ішінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне, жұмыс беруші мен Медициналық ұйымға жолдайды.

46. Жұмыс беруші кәсіптік ауру (уыттану) қорытынды диагнозын анықтау туралы хабарламаны алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жұмыс беруші басқаратын кәсіптік ауруды (уыттануды) тексеру жөніндегі комиссия құрады.

47. Жіті немесе созылмалы кәсіптік аурудың (уыттанудың) әрбір жағдайын тексеруді қорытынды диагноз қою туралы шұғыл хабарламаны алған сәттен бастап жұмыс беруші шығарған бұйрық негізінде құрылған комиссия жүргізеді, кейіннен комиссияның барлық мүшелеріне мыналарды жазбаша хабарлау арқылы жүргізеді:

1) шұғыл түрде – еңбекке жарамдылығын жоғалтатын, саны 2 және одан да көп адам сырқаттанатын (зардап шегетін), өлім-жітімге әкеліп соғатын, аса қауіпті инфекцияларымен жіті кәсіптік ауруды (уыттануды). Комиссия төрағасы мемлекеттік еңбек инспекторы (аса қауіпті инфекциялар жағдайында – бас мемлекеттік санитариялық дәрігер немесе оның орынбасары) болып табылады.

2) 24 сағат ішінде – жіті кәсіптік аурудың (уыттанудың) алдын ала қойылатын диагнозын. Комиссия төрағасы жұмыс беруші (ұйымның басшысы немесе оның орынбасары) болып табылады;

3) 10 жұмыс күні ішінде – созылмалы кәсіптік ауруды (уыттануды) Комиссия төрағасы жұмыс беруші (ұйымның басшысы немесе оның орынбасары) болып табылады.

48. Комиссияның құрамына жұмыс берушінің өкілі, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі қызметінің маманы (немесе жұмыс беруші тағайындаған еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі жауапты тұлға), Медициналық ұйымның өкілі, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің өкілі, кәсіподақ немесе басқа да өкілетті органның уәкілетті жұмыскерлері кіреді. Келіспеген жағдайларда тексеруге басқа да мамандар қатыса алады.

Комиссия мүшелері кәсіптік аурулар (уыттанулар) тексеруді комиссия құрамында ғана жүргізеді. Комиссия мүшелеріне өз бетінше жеке тексеру жүргізуге жол берілмейді.

49. Тексеру жүргізу үшін жұмыс беруші:

1) жұмыс орнындағы (учаскедегі, цехтағы) еңбек жағдайын сипаттайтын құжаттар мен материалдарды, оның ішінде мұрағаттық құжаттарды береді;

2) комиссия мүшелерінің талап етуі бойынша жұмыс орнындағы еңбек жағдайын бағалау мақсатында жеке қаражат есебінен қажетті сараптама, зертханалық-аспаптық және басқа да гигиеналық зерттеулер жүргізеді;

3) тексеру құжаттарының сақталуы мен есебін қамтамасыз етеді.

50. Басқа ұйымға жұмыс істеуге жіберілген жұмыскерде кәсіптік ауру (уыттану) пайда болған жағдайда аталған кәсіптік ауру туындаған ұйымда құрылған комиссия тексереді. Комиссия құрамына жұмыскерді жіберген жұмыс берушінің (ұйымның, жеке кәсіпкердің) өкілетті өкілі кіреді. Жұмыс берушінің уәкілетті өкілінің келмеуі немесе уақытында келмеуі тексеру мерзімін өзгертуге негіз болып есептелмейді.

51. Қосымша жұмыс атқару кезінде жұмыскерде кәсіптік ауру пайда болған жағдайда қосымша жұмыс атқарылған орын тексеріледі және есепке алынады.

52. Кәсіптік ауруды (уыттануды) тудыратын өндірістік зиянды факторлармен жанасуды тексеру кезінде болмаған адамдарда, оның ішінде жұмыс істемейтін қызметкерлерде созылмалы кәсіптік ауру (улану) туындауының жағдайы мен себебін тексеру өндірістік зиянды факторлары бар бұрынғы жұмыс орнында жүргізіледі.

53. Тексеру процесінде комиссия жұмыскердің қызметтестерінен, санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттары талаптарының бұзылуына жол берген адамдардан сұрайды, жұмыс берушіден және сырқаттанушыдан қажетті ақпарат алады.

54. Тексеру процесінде:

1) кәсіптік аурудың (уыттанудың) жағдайы мен туындау себептерінің анықталуы;

2) ауру туындаған жұмыс орнына (жұмыс аумағына, өндірістік бөлімшеге, цехқа) тексеру жүргізілуі;

3) қажеттілігіне қарай зиянды өндірістік факторларға зертханалық және аспаптық зерттеулер жүргізудің ұйымдастырылуы;

4) жұмыс істейтіндердің еңбегінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайының бағалануы;

5) ұйымның санитариялық-эпидемиологиялық тексеру актісін, зертханалық тексеру нәтижелерін, жұмыс орнының аттестациясын зерделеуі;

6) алдын ала және мерзімдік медициналық тексеру материалдары, мерзімдік медициналық тексеру кезінде анықталған ауруларды сауықтыру бойынша іс-шаралар жоспары, еңбекті қорғау жағдайы және санитариялық-сауықтыру шаралары бойынша жоспардың орындалуы туралы мәліметтер тексерілуі тиіс.

55. Сұраныс жіберілген ұйым талап етілген тексеру жүргізуге қажетті құжаттардың көшірмесін күнтізбелік 15 күннің ішінде жібереді.

56. Жіті кәсіптік аурулар өндірістегі жазатайым оқиға ретінде де бір уақытта тексеріледі.

57. Тексеру нәтижелері бойынша шешім қабылдау үшін мынадай құжаттар:

1) кәсіптік ауруды (уыттануды) қарау бойынша комиссия құру туралы бұйрық;

2) жұмыскердің жұмыс жағдайының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасы;

3) жүргізілген медициналық тексерулер туралы мәліметтер, мерзімдік медициналық тексеру кезінде анықталған ауруларды сауықтыру бойынша іс-шаралар жоспары;

4) нұсқаулықтарды және жұмыскердің еңбекті қорғау бойынша білімін тексеруді тіркейтін журналда үзінді көшірме;

5) жұмыскердің түсініктеме хаттамалары, онымен бірге жұмыс істеген және басқа да адамдардан алынған сұраулар;

6) мамандардың сараптамалық қорытындылары, зерттеулер мен тәжірибелердің нәтижелері;

7) қызметкердің денсаулығына келтірілген зақымның ауырлық сипаты мен деңгейі туралы медициналық құжаттама;

8) жұмыскерге жеке қорғаныш құралдарын бергендігін растайтын құжаттардың көшірмесі;

9) осы өндіріске (объектіге) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық ведомство бөлімшелерінің және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік органның бұрын берген ұйғарымдарының көшірмесі;

10) комиссияның қалауы бойынша басқа да құжаттар қажет.

58. Комиссия кәсіптік ауру (уыттану) жағдайын тексеру нәтижелері бойынша тексеру мерзімі аяқталған күннен бастап 3 жұмыс күннің ішінде жұмыскерге, жұмыс берушіге, еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне, Медициналық ұйымға арналған Акт жасалады. Актіге комиссия мүшелері қол қояды, жұмыс беруші бекітеді және жұмыс берушінің мөрімен расталады (мөр бар болғанда).

59. Өзінің заңды күші мен бағыты бойынша осы Акт кәсіптік аурудың (уыттанудың) диагнозын белгілемейді және бұзбайды, тек осы аурудың еңбектің зиянды жағдайымен себептік-тергеу қатынасын, ауырған жұмыскердің (сақтандырылушының) жұмыс орны бойынша олардың әсерінің ұзақтығы мен қарқындылығын белгілейді.

60. Егер комиссия сақтандырылушының өрескел ұқыпсыздығы оның денсаулығына тигізілген зиянның туындауына немесе арттырылуына әсер еткендігін анықтайтын болса, онда кәсіподақ немесе басқа да сақтандырған өкілетті органның қорытындысы есебінен комиссия сақтандырылушының кінәсінің деңгейін анықтайды (пайызбен).

61. Егер жұмыс беруші (оның, зардап шегуші қызметкердің өкілі) Актінің мазмұнымен келіспейтін және қол қоюдан бас тартатын болса, ол (олар) өздерінің қарсылықтарын жазбаша білдіріп, Актіге тіркейді және шағымды бағыныштылығы бойынша жоғары тұрған органдар мен ұйымдарға жолдайды.

62. Қажеттілігіне қарай Акт қалпына келтірілуі немесе белгіленген тәртіппен анықталған кәсіптік ауруды (уыттануды) өтіп кеткен мерзімінің ұзақтығына қарамай қайта тексеру нәтижесіне сәйкес қайта дайындалуы немесе осы Актінің мөрмен расталған және басшының қолы қойылған көшірмесі беріледі.

63. Ұйым (кәсіпорын) таратылған жағдайда Актіні жұмыс беруші-заңды қабылдап алушының өкімімен құрылған комиссия жасайды.

Комиссияның құрамына жұмыс берушінің өкілі, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі қызметінің маманы (немесе жұмыс беруші тағайындаған еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі жауапты тұлға), денсаулық сақтау ұйымының өкілі, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің өкілі, еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті орган өкілі, кәсіподақ немесе басқа да өкілетті органның уәкілетті жұмыскерлері кіреді. Қажет болған жағдайда басқа да мамандар қатысады.

64. Еңбек жағдайында инфекциялық аурулар немесе паразиттік аурулар расталған жағдайда тексеруді халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесімен жүргізеді.

65. Кәсіптік міндеттерді атқару кезінде инфекциялық немесе паразиттік аурулардың жұғу мүмкіндігін айқындайтын негізгі құжатқа ИАОЭТ Картасы жатады.

66. ИАОЭТ Картасы Актіге қосымша болып есептеледі және сонымен бірге сақталады.

Эпидемиологиялық тексеру картасы инфекциялық немесе паразиттік аурулардың диагнозын анықтаған Медициналық ұйым, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі, Қазақстан Республикасының халқына кәсіптік патология бойынша медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы, жұмыс беруші және жұмыскер үшін жасалады.

67. Егер зардап шегуші жұмыс істейтін немесе жұмыс берушінің және орындалатын жұмыстың (оқудың) басқа да орындарының тұрақты мекенжайы әртүрлі облыста, ауданда және қалада болса, кәсіптік ауру (уыттану) жағдайын тексеру Актіні жасау, жағдайды тіркеу және есепке алу кәсіптік ауру (улану) орын алған объектінің нақты орнында жүргізіледі.

Санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамада және Актіде зардап шегушінің нақты жұмыс орны мен жұмыс берушінің заңды мекенжайы көрсетіледі.

68. Егер кәсіптік аурулар (уыттану) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының әртүрлі аумақтық бөлімшелерінің бақылауындағы объектілеріндегі өндірістік зиянды факторлардың әсерінен туындаған болса, онда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі соңғы жұмыс орнынан кәсіптік аурудың (уыттанудың) алдыңғы диагнозы туралы хабарлама алып, еңбек жағдайы туралы (қажеттілігіне қарай – арнайы сұраныс бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшелерінен және басқа да ұйымдардан алынған материалдардың негізінде) санитариялық-эпидемиологиялық сипаттама дайындайды.

